

АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ-САЛҒАСТЫРМАЛЫ СИПАТЫ

*¹Жетесова Ж.А.

*¹докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан,
e-mail: zhanar_almasovna@mail.ru

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика талданады. Мақаланың мақсаты – қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың, зоонимдердің лингвомәдени, когнитивті-салғастырмалы сипаттарын анықтау. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, этникалық және мәдени ерекшеліктерді бейнелейтін әлемдегі ең бай және алуан түрлі тақырыптық топтардың бірі және ұлттық тілдік бейненің бөлігі болып табылатын «жануарлар атаулары» тобының лексикасын зерттеу әлемнің әртүрлі тілдерінің материалдарында ұзақ және сәтті жүзеге асырылды. Мақаланың ғылыми маңыздылығы лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика саласындағы анималистік лексикаға қатысты зерттеушілердің еңбектеріне, пікірлеріне сүйене отырып, теориялық тұжырымдарды салыстырып, қарастыра отырып, практикалық негізде «тышқан», «қоян», «қасқыр», «аю» зоонимдерінің қарастырылуынан көрінеді. Мақалада көтерілген мәселені талдауда анималистік лексика, зоонимдер жайындағы зерттеушілердің еңбектері, зерттеу мақалалары негізге алынды. Оның ішінде ертегілердегі концептуалды бейнені зерттеген А. Қасымбекованың диссертациялық зерттеуі негізге алынды. Ертегілерді классификацияға ажыратуда С. Қасқабасовтың жүйесі қарастырылды. Зоонимдерді зерттеуде зоонимдер жайлы зерттеушілердің пікірлері негізге алынды. Мақаланың негізгі зерттеу әдістері қазақ және ағылшын ертегілерінің сюжеттік желісін салыстыру, келтірілген зоонимдерді лингвомәдени талдау әдістері аясында жүзеге асты. Мақаланың негізгі қорытындысында қазақ және ағылшын ертегілерінде анималистік лексика, «тышқан», «қоян», «қасқыр», «аю» зоонимдерінің тілдік бірліктегі берілуі қатар қарастырылып, ертегілердегі сипаттарымен салыстырылды. Сондай-ақ, ертегілердегі ұлттық болмысты танытатыны, сипаттау арқылы көрініс беретіні анықталды. Қазақ танымында мәні мен мағынасы жағынан мәні ауыстырылған «аю», әлі күнге дейін мәні сақталған «қасқыр», «қоян», «бақа» жағымды-жағымсыз сипатта қатар қолданылатын «тышқан» зоонимдері талданды.

Мақаланың құндылығы қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілердегі анималистік лексиканың, зоонимдер негізінде халықтың дүниетанымы, әлемді қабылдауы жөніндегі лингвомәдени, когнитивті-салғастырмалы сипаттарын анықтаудан көрінеді. Мақаланың практикалық негізі «Лингвомәдениеттану» мен «Когнитивті лингвистика» салаларындағы зерттеулерге қосылған үлес болып табылады. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар лингвомәдени талдаудың, анималистік лексикадағы зерттеулерге түрткі бола алады.

Тірек сөздер: анималистік лексика, зоонимдер, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, аполог, ертегілер, уәжділік, тілдік бірліктер

Негізгі ережелер

Тіл білімінде кейіннен қалыптасқан екі саланың: тіл мен мәдениеттің, тіл мен онтологияның негізінде қалыптасқан лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың негізінде халық туындыларының лингвомәдени сипаты мен салғастырмалы зерттеулер жүргізіліп келеді. Туындылардағы

ұлттық сипат, уәжділіктің көрінісі халықтың танымынан, дүниені қабылдауынан әрі мифологиялық бастаудан хабар береді. Қандай да бір жануардың атауынан, мінезінің сипатталуынан халықтың танымы, тіл мен мәдениетіне қатысты ақпараттар анықталады.

Кіріспе

Тіл арқылы адамның өзі осы әлемде өмір сүріп, сол әлемді таниды. Бір тілдік ұжымның санасында қалыптасқан ақиқатты концептуалдау және категориялау ғаламның тілдік бейнесінің бір көрінісі саналады. Ғаламның тілдік бейнесі арқылы уақыт пен кеңістік бірлігінде ғаламның түрлі ұлттық бейнесі қалыптасып, сақталады. Жеке тұлғалардың бірінші кезекте білімі мен тәжірибесі жайындағы ақпараттар мен оларды өзгертуге тілдің ғана мүмкіндігі бар. Ғаламның ұлттық бейнесі халықтың тұрмыс-тіршілігі, табиғаты, құндылықтары мен тарихынан құралады. Солай ғаламның тілдік формалары негізінде қалыптасқан мағыналар ғаламның концептуалды бейнесін суреттер, бейнелер арқылы, анығырақ концептілер арқылы толығыады. Адамның танымдық және заттық қызметі негізінде қалыптасқан концептілер жүйесі «ғаламның концептуалды бейнесін» құрайды. Жинақталған қорытындылар мен абстракцияның нәтижесінде концепт көптеген ассоциациялар, білімдердің менталды теориясы ретінде анықталады. Солай, концептілер ғаламның фольклорлық бейнесінің негізін құрайды. Фольклор жанрларының ішінде мифпен өте тығыз байланыстысы – халық ертегілері [1, 43 б.]. Ертегілердің мифпен тығыз байланысын С. Қасқабасов та растайды. Яғни ежелгі мифологияны жетілдіріп, қиялды араластырып, ғайыптық сипат берілген. Соның ішінде зерттеуші хайуанаттар туралы ертегіні ажыратады. Магиялық, анимистік, тотемистік сипаттар мен аңшылық кәсібімен байланысты ертегінің көне жанры саналады. Сондай-ақ, зерттеуші хайуанаттар жайындағы ертегілерді үш топқа ажыратады: классикалық, этнологиялық, аполог [2, 30 б.]. Ертегілерде кездесетін хайуанаттар есімдері, анималистік лексика немесе зоонимдердің лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты әр халықтың танымын, тұрмысын, мәдениетін анықтап көрсетеді. Анималистік лексика тілдің жалпы сөздік қорында айтарлықтай үлкен орын алады және зерттеу үшін бірегей және мазмұнды материал болып табылады. Лексиканың мұндай қабаты белгілі бір халықтың мәдени коды болып табылады, өйткені жануарлар әлемі адамдардың өмірімен тығыз байланысты және белгілі бір халықтың географиялық, тарихи, ұлттық және мәдени ерекшеліктерін қамтитын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлармен анықталады. Анималистік лексиканы сөйлеушілер күнделікті жағдайларды суреттеуде де, адам өмірін, оның ішкі және сыртқы ерекшеліктерін жануарлардың мінез-құлық ерекшеліктерімен салыстырудың көркем құралы ретінде де пайдаланады. Анималистік лексика ғалымдардың назарын көптен бері аударып келе жатқан және лингвистикалық ғылым эволюциясының әртүрлі кезеңдерінде өзектілігін жоғалтпаған сөздер жиынтығы.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипатын анықтау мақсатында түрлі еңбектер қарастырылған. Соның ішінде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілердің ғаламдық бейнесін қарастырған А. Қасымбекова, қазақ халқының хайуанаттар жайлы ертегілер классификациясын жасаған С. Қасқабасов зерттеуі, Г. Мәдиеваның зоонимдер жайындағы зерттеу пікірлері, А. Раева мен Г. Сағидолла зерттеулері, Ж. Исаева мен А. Асенованың зоонимдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты жайындағы пікірлері қарастырылды. Орыс зерттеушілері О. Лаврованың анималистік лексиканың миф пен ертегілердегі көрінісі келтірілген әрі «анималистік лексика» мен «зоонимдер» бір мағынада, қатар қолданылатынын жеткізеді. Зерттеуші И. Куражова болса, зоонимдерді жануарлардың тура номинативті мағынасы деп санайды, әрі жануарлар жайындағы образдар адамның санасының тереңдігін, сенімі мен мифологиядан хабар беретінін жеткізеді. Сонымен бірге, әр халықтың тілінде жануарлардың түрлі қасиетке ие болуы нақты халықтың ойлау ерекшелігін білдіретінін айтады. Зерттеуші И. Курбанова «анималистік лексиканы» хайуанаттар атауынан қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестері деп анықтайды, мәселен орыс халқында қой – қырсық мағынасында келеді, сонда «как баран» анимализмнің көрінісі. Ал «зоонимдер» жануарлардың тура атауы болса, «зооморфизмдерді» бірінші атау емес, ауыспалы мағынаның, адам мінезін танытуда қолданылатынын айтады.

Зерттеу барысында қазақ және ағылшын ертегілерін өзара салыстыру, лингвомәдени, когнитивті-салғастыру сипатын анықтау негізінде ертегілердегі анималистік лексика анықталды. Салыстыру әдісі негізінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілердегі зоонимдердің деректері салыстырылып, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика теориялары аясында тұжырымдар жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлттық зоонимдер жүйесінде зоонимдік негіздер қалыптасқан. Мәселен, жылқыға қатысты Шалқұйрық, Қарақасқа, Ақбоз, сиыр – Ақмүйіз, ит – Ақтөс, Ақмойнақ сынды ұлттық жүйедегі зоонимдер қатары анықталады [3, 41 б.]. Зоонимдер қандай да ұлттың, этностың экономикалық шаруашылығында жануарлардың қай түрлері өсірілетінен хабар береді. Мәселен, қазақ халқы үшін тұрмысына, шаруашылығына тиімді болған түйе, жылқы, сиыр, ешкі, қой сынды төрт түлік малды, ал ағылшын жұртында шошқаны бағу маңызды саналған. Зерттеушілер Г. Мәдиева, С. Иманбердиева, Д. Мәдиева зоонимдер қатарында тек қана жануарларды ғана емес, жәндіктерді, құстарды, мысықтарды да қарастырады.

Зоонимдердің мәдени аялық ақпарат негізінде халықтың өмір сүру салты, ұлттық-мәдени ерекшелік, тарихи және этнографиялық мәліметтер, ұлттық дәстүр, ұлт таным-түсінігі ретінде анықталады [4, 35 б.]. Осы орайда, жануарлардың аталуына тән уәжділікті аңғарамыз. Уәжділік этимологиямен шатастыруға келмейтін синхронды түсінік деп Ж. Бәйтелиева еңбегінде

айтады. Солай, зерттеуші түркі тілдеріндегі жануарлар атауларының уәждемелеріне әсерін тигізетін факторларды көрсетеді, олар үш негізден құралады. Біріншіден, қоршаған ортаға түркі халықтарының байқағыштық қасиетінің жоғары болуы. Екіншіден, жануарларға қатысты тілдераралық ононимияның болуы. Үшіншіден, жануар атауларының екінші бір жануар атауы негізінде дамуы [5, 9 б.]. Сондай-ақ, халқымыздың тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты болғандықтан, төрт түлік малға қатысты зоонимдер шыққан тегіне, төлі негізінде қалыптасқан. Мәселен, қазақ тілінде жылқы жайлы зоонимдер көбіне жағымды атауға ие болса, түйе жайлы зоонимдер жағымсыз мағынаға ие. Мәселен, «сөзі түйеден түскендей» деп біртүрлі сөйлейтін жандарды айтады. Сондай-ақ, «аңқау», «ірі», «күшті» сынды қосымша семаларға ие [6, 136 б.].

«Puff-ball and his friends» ағылшын ертегісінде тышқанның аты Mufti-tuftu Mouse, бақаның аты – Bully, the Frog, қоянның аты – Jack, the hare, қасқыр – Howli-Growly wolf, аю – Grizzly bear деп аталады [7]. «Тышқанның өсиеті» шығармасында тышқан адамды жау деп, олардан аулақ жүру керектігін, олардың құрған қақпанына жақындамау керектігін ескертеді. Көбіне, қазақ ертегілерінде тышқандар қу ретінде танылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде тышқанға қатысты мынадай зоонимдер кездеседі. Денесі 30-38 см болатын, түсі сарғыш, қоңырлау келетін ірі тышқан – Зорман. Тышқанның бұлай аталуы мекендейтін жеріне байланысты қалыптасқан. Сондай-ақ, жон бойында үш ақ жолағы бар тау тышқаны – Барша аталып, тышқан зоонимін қалыптастырады [8, 164 б.]. Тышқан образы «Арыстан мен тышқан» ертегісінде достықты қадірлей білетін жануар ретінде көрінеді. Mufti-tuftu Mouse ағылшын тілінен аударғанда терілі тышқан мағынасын береді. As quiet as a mouse деп қалыптасқан идиомалар арқылы ептілік мағынасында қолданыс тапқан. Сонымен бірге, as blind as a bat деп көртышқан сынды соқыр мағынасында қолданылады. Жыл санауы жайындағы шығармаларда да күнді бірінші көрген тышқан екені айтылады. «Жан-жануарлардың дауласқаны» ертегісінде тышқан қу болып суреттеледі [9, 79 б.]. Солай, жылдың басы болып тышқан тағайындалған. Сонда, тышқан зоонимі жағымды және жағымсыз негізде қолданылады. Жағымды ретінде күнді бірінші көруі, өзге ертегілерде досқа адал ретінде танылады. Жағымсыз образы кемірушілер қатарында танылып, халық сенімінде оба ауруын таратушы фактор ретінде қарастырылады. Өзге халықтарда, оның ішінде ағылшын халқында да тышқан мифологиялық қасиетке ие [10, 251 б.]. Мәселен, орта ғасырларда зиратты тышқан қазып тастаған болса, дүниеден өткен жанның магиялық күшке ие болғандығын аңғартқан.

Қоян зоониміне келетін болсақ, қоян қорқақ, сужүрек деп танылады. Қояндар да кеміргіштер қатарында танылады. Сонымен бірге, Ор қоян атауы үлкен, жетілген мағынасын береді. Қоянның баласы көжек те зооним қатарында танылады. Көжегі көп кездесетін жер мен көжектей ғана шағын нысанның зоотопониміне қарайтын болсақ, көжек зоонимі топонимдердің қалыптасуына әсер еткен [8, 289 б.]. Ағылшын тілінде қоян жайлы

қалыптасқан идиома *as scared as a rabbit* қоян сынды қорқақ мағынасында келеді.

Қасқыр зоонимі тарихи негізде қалыптасқан деуге болады. Түркілердің ұрпағын құтқарған қасқыр жайында «құтқарушы тотем» ретінде анықталады да, мифологиялық деңгейде киелі жануар деп таныған. Мәселен, «иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» деген тілдік бірліктен аңғарамыз. Сонымен бірге, халқымыздағы табу сөздерінің қатарында табылып, ит-құс, ұлыма, серекқұлак деп танылған. Халқымыздың тілдік санасында арлан бөрі, көкжал қасқыр, қасқыр жүрек, бөрі айбат сынды атаулар қалыптасқан. Сонымен, қасқыр зоонимі текті жануар, адал, аса азулы, жыртқыш деп танылады. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» дегендей тіркестер тілімізде көп ұшырасады. Бұның мәнінде, қасқырдың жыртқыштығын, азулылығын жеткізіледі [11]. Сондай-ақ, ағылшын ертегілерінде қасқыр қу болып сомдалады. «A thief knows a thief, as a wolf knows a wolf», «The wolf may lose his teeth but never nature» деген тілдік бірліктері арқылы «қасқырды қанша асырасаң да, түзге қарап ұлуын қоймайды» тіркестерімен жақындықтарын көреміз. Ағылшын ертегілерінде қу, арам болмысында жағымсыз суреттелумен қатар, ақылды, сенімді сынды жағымды қасиеттері арқылы танылады. Сондай-ақ, «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісінде қасқыр шат-шадыман ақ тиінді ұстап алып, үнемі қуанып жүрулерінің себебін сұрайды. Сонда Ақ тиін былайша жауап беріпті, яки қасқырдың зұлымдығы себепті қапалы жүретінін, өздерінің ешкімге жауыздық қылмайтыны себепті әр уақытта қуанышты жүретінін айтады [12, 15 б.]. Қасқырдың қазақ танымындағы бір болмысы зұлымдық болатын. Сол себептен де, атын атасақ, малымызды қырып кетеді деп қорыққан. Сонымен қатар, қасқырдың қауіптілігі тілімізде былайша көрініс тапқан: «Кәрі торғай топанға түспес, кәрі қасқыр қақпанға түспес», физикалық күші жайында: «Бөрінің күші тісте, кісінің күші істе», жануарлық инстинктісі жайлы: «Бөрінің құлағы – анда, ұрының көзі - танда», «У жеген бурыл бөрі порымданды» деген сияқты тіркестер бар. Сонымен бірге, жағымды жақтары ретінде мына қасиеттер танылады. Батылдығы: «қасқыр жүректі», адалдығы: «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген тілдік бірліктер бар. Солай, қасқырдың жағымсыз қасиеттері ертегілерде молынан суреттелсе де, культтік тотемдік жануар ретінде танылады, негізгі арнасы Көкбөрі мифологиялық символынан басталады.

Сондай-ақ, қазақ ертегілерінде бақа образы да сомдалады. Мәселен, «Бақа мен кірпі» ертегісінде бақа мен кірпі бір-бірінің жаратылыстарына таң қалысады. Бақа кірпіні көріп, тұла бойы тікенек болған кірпінің жаратылысына таң қалады. Оған кірпі де бақаның жаратылысына таң қалысып, денесінің түршіккенін айтады [12, 250 б.]. Екеуі солай өз жаратылыстары жайында айтысады. Солай, кірпінің сынына бақа былайша жауап береді, яғни бақа өзінің көлінде еркін жүретінін, сол еркіндігімен көлге теп-тез түсетінін, өзге біреуді көрсе, суға тез сүңгіп кететінін айтады [12, 250 б.]. Ал кірпі де есесін жібермей:

Бар шыныңды бүкпеген

Мен де сенің өзіндей.

Біреу келсе, бүктелем,

Өлі-тірі сезілмей.

Домаланған тікенге,

Кінә барлар жолар ма! [12, 250], - деп өзінің жайын айтыпты. Солай айтысып болған соң, кірпі өз жөнімен домалап, бақа көліне сүңгіп кете барыпты. «Бақаның көшуі» ертегісінде бақа мақтаншақ образында келеді. Сондай-ақ, ағылшын тілінде мақтаншақ бақа жайында мынадай тіркес бар: «A big frog in a small pond». Осылай, аз адамдар арасындағы жарыста жеңіске жеткен адамды сипаттайды. «The Birds and the Frog» [8, 35 б.] ағылшын ертегісінің желісі «Бақаның көшуі» ертегісіне ұқсас. Екі ертегіде бақаның мақтаншақтығы сөз болады. Сонда, қазақ және ағылшын ертегілерінде ұқсас мотивтер ұшырасатынын аңғарамыз.

Аю зоониміне келетін болсақ, еңгезердей, үлкен әрі зор денелі ебедейсіз жануар ретінде танылады. Бұл пікір жайында зерттеуші А. Кусаинованың келіспейтінін көреміз [13, 225 б.]. Ерте кезеңдерде аю культ саналған. Буддизм дәуірінде құрметке бөленсе, ислам дінінің келуімен маңыздылығын жоғалтқан. Табиғаттағы мықты деген жануарлардың аттарын атап, күнделікті қолдана отырып, адамдар өздерінде солар сияқты мықты болатынына сенген. Мәселен, Құтты білікті билеушінің аю сияқты мықты болу керектігі айтылған. Сондай-ақ, бойында күш-қуаты бар, мықты жандарды аюға теңеген. Оғыз қағанды суреттегенде де, «кеудесі аюдың кеудесіндей» деген теңеуді қолданылған [13, 227 б.]. Осыған қарап, бүгінгі күні аюдың образы біраз өзгеріске түскенін көреміз. «Жаман жолдас» шығармасында аю ақылды жануар ретінде суреттеледі. Қасындағы аурушаң жолдасын тастап, ағашқа өрмелеп кеткені аюдың әлсіз досына тиіспегеніне таң қалады. Аю саған не деді деп сұраса, аурушаң жолдасы: «Екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма» [9, 107 б.], - деген ақылды айтты дейді. Ағылшын тілінде аю көбіне жағымсыз бейнеде көрінеді. Мәселен, «cross as a bear» тілдік тіркесі арқылы аю сынды жауыз деген образды анықтаймыз. Мәселен, «Аю мен маса» ертегісінде аю зұлым ретінде суреттеледі. Қоянның құлағын тартып, маза бермейді. Қорқақ қоян кімнен көмек сұрарын білмей, дағдарады. Содан көмекке маса келеді. Маса аюдың құлағының түбінен ызындап маза бермейді. Солай, әбден қалжыраған аю масадан жеңіледі. Бұны естіген қоян тіптен қуанады. Кегінің қайтқанына мәз болады. Сонда маса қоянға былай дейді: «Біз жалғыз емеспіз ғой. Біз сендердей жападан жалғыз жүрмейміз және қорқақ та емеспіз» дейді [12, 184 б.]. Солай, аю зоонимі әуел баста жағымды образдан уақыт өте келе жағымсызға айналған. Өзінен әлсізге күш көрсетіп, оларға зиянын тигізетін залым ретінде суреттеледі. «Puff-ball and his friends» ертегісінде аю Grizzly bear деп, Сұр аю деп түсіне байланысты уәжділік қалыптасқанын көреміз.

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, зоонимдер мен анималистік лексика халық танымындағы жануарлар атауының лингвомәдени сипаттарын бейнелейді. Әрі

қарастырылған хайуанаттардың негізгі бастауында мифологиялық сенімдер жатыр.

- Зоонимдердің анималистік лексикамен қатар қолданылып, қатар мәнге ие екені және халықтың мифологиясынан, менталды ойлау деңгейінің көрінісі екені көрсетілді;

- Ғаламның ұлттық бейнесі тілдегі зоонимдер мен анималистік лексика арқылы, оларға берілген уәжділік арқылы танылатыны қарастырылды;

- Қазақ және ағылшын ертегілерінде, тілдік бірліктерінде тышқан, қоян, қасқыр, аю, бақа сынды зоонимдердің лингвомәдени сипаттары анықталды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қасымбекова А. Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация 6D021300 – Лингвистика. – Алматы, 2020. – 140 б.

[2] Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 303 б.

[3] Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Мадиева Д.Б. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2016. – 160 б.

[4] Раева А. Зоофразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер (қазақ және түрік тілдері бойынша) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2021. – №4. – Б. 34-44.

[5] Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филология ғылымдарының ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 32 б.

[6] Исаева Ж., Асенова А. Қазақ тіліндегі зоонимдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №2. – Б. 129-138

[7] Diane Lynn. Puff Puff with His Friends. – Page Publishing, Inc., 2021. – 14 p.

[8] Жили-были... Сказки. (на англ. языке) Обр. Ширчева А. – М.: «Просвещение», 1966. – 150 с.

[9] Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

[10] Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 165 б.

[11] Коваль В. Символика мыши в славянской и китайской лингвокультурах // Вестник РУДН. Серия: Теория языка, семиотика, семантика. – 2020. – №2. – С. 250-264.

[12] Ордабекова Х., Күркебаева К. Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты // ЕҰУ Хабаршысы. – 2018. – №13. – Б. 152-159.

[13] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Хайуанаттар туралы ертегілер. – Т.73.– Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.

[14] Кусаинова А. Түркі тілдеріндегі «аю» зооними негізінде жасалған паремиялардың этномәдени ерекшеліктері // Мирская тюркология и Казанский университет: материалы Международной научно-практической конференции (Казань, 26–28 апреля 2018 г.). – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2018. – 528 с.

REFERENCES

[1] Qasymbekova A. Ertegiilerdegi ғalamnyñ konseptualdyq beinesı (qazaq және ағылшын тілдері негізінде): filocofia doktory (PhD) дәреjecin alu үшін daiyndalğan diccertasia. 6D021300 – Lingvistika. (Conceptual image of the universe in fairy tales (based on Kazakh and English

languages): dissertation prepared for receiving the degree of Doctor of Philosophy (PhD). 6D021300 – Linguistics. – Almaty, 2020. – 140 b. [In Kaz.]

[2] Qasqabasov S. Oiöris. (Mindset). – Almaty: Silk Road, 2009. – 303 b. [In Kaz.]

[3] Mädieva G.B., İmanberdieva S.Q., Madieva D.B. Onomastika: zertteu мәseleleri. (Onomastics: research issues). – Almaty, 2016. – 160 b. [In Kaz.]

[4] Raeva A. Zoofrazeologizmderdiñ motivasialyq negızindegi ortaqtyqtar men erekşelikter (qazaq jäne türk tilderi boıynşa) (Commonalities and peculiarities in the motivational basis of zoophraseologisms (in Kazakh and Turkish languages) // Äl-Farabi atyndaғы Qazaq ultiqy universiteti habarşysy. Şyğystanu seriasy /Herald of Kazakh National University named after Al-Farabi. Oriental Studies Series. – 2021. – No. 4. – B. 34-44. [In Kaz.]

[5] Baitelieva J. Qazaq tilindegi jylqy malyna qatysty frazeologialyq tirkesterdiñ etnomädeni uäjdemesi (Ethnocultural motivation of phraseological phrases related to horses in the Kazakh language): filologia ğylymdarynyñ ğylymi дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiyaniñ avtoreferaty. – Almaty, 2007. – 32 b. [In Kaz.]

[6] İsaeva J., Asenova A. Qazaq tilindegi zoonimdik ataulardyñ etnolingvistikalıq sipaty (Ethnolinguistic nature of zoonymic names in the Kazakh language) // İsaui universitetiniñ habarşysy/Bulletin of Yasawi University. – 2021. – No. 2.– B. 129-138 [In Kaz.]

[7] Diane Lynn. Puff Puff with His Friends. – Page Publishing, Inc., 2021. – 14 p.

[8] Jili-byli... Skazki. (na angl.iazyke) Obr. Şircheva A. (Once upon a time... Fairy tales. ed. Shircheva A.). – M.: Prosveşenie, 1966. – 150 s. [In Rus.]

[9] Biarov B. Jer - su attarynyñ sözjasamdyq ülgileri: monografia (Word-formation patterns of land-water names: monograph). – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2012. – 460 b. [In Kaz.]

[10] Altynsarin Y. Kel, balalar, oqylyq. Şyğarmalar jinaғы (Come, children, let's read. A collection of works). – Almaty: Atamūra, 2006. – 165 b. [In Kaz.]

[11] Koväl V. Simvolika myši v slavänskoı i kitaiskoı lingvokülturah (Mouse symbolism in Slavic and Chinese linguistic cultures) // Vestnik RUDN. Seria: Teoria iazyka, semiotika, semantika. – 2020. – №2. – S. 250-264. [In Rus.]

[12] Ordabekova H., Kürkebaeva K. Dästürlı jäne qazırğı tildik sanadaғы «qasqyr» leksemasynyñ lingvomädeni sipaty (Linguistic character of the lexeme "wolf" in traditional and modern linguistic consciousness) // EÜU Habarşysy. – 2018. – № 13. – B. 152-159 [In Kaz.]

[13] Haiuanattar turaly ertegiler (Tales about animals) // Babalar sözi: Jüztomdyq (Ancestors's word: Hundred-volume) . – Astana: Foliant, 2011. – T.73. – 432 b. [In Kaz.]

[14] Kusainova A. Türkı tilderindegi «aiu» zoonimi negızinde jasalğan paremiialardyñ etnomädeni erekşelikteri (Ethnocultural features of paremias created on the basis of the zoonym 'bear' in Turkic languages) // Mirovaia türkologia i Kazanski universitet: materialy Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii (Kazän, 26–28 aprelä 2018 g.). – Kazän: İzd-vo Kazan. un-ta, 2018. – 528 b. [In Kaz.]

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ И КОГНИТИВНО-СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ АНИМАЛИСТИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ

*Жетесова Ж.А.¹

*¹докторант, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова,
Актобе, Казахстан,
e-mail: zhanar_almasovna@mail.ru

Аннотация. В предлагаемой статье анализируется анималистическая лексика в казахских и английских сказках. Цель статьи – выявить лингвокультурные, когнитивно-сопоставительные характеристики анималистической лексики, зоонимов в казахских и английских сказках. Изучение лексики группы «имена животных», одной из самых богатых

и разнообразных тематических групп в мире, отражающей традиции и обычаи, этнические и культурные особенности, и являющейся частью национального языкового образа, давно и успешно осуществлялось на материалах различных языков мира. Научная значимость статьи проявляется в рассмотрении зоонимов «мышь», «заяц», «волк», «медведь» на практической основе, сравнивая и рассматривая теоретические выводы, опираясь на труды, мнения исследователей относительно анималистической лексики в области лингвокультурологии, когнитивной лингвистики. В анализе проблемы, в исследуемой статье, были взяты за основу анималистическая лексика, труды исследователей зоонимов, исследовательские статьи. В том числе была рассмотрена диссертационное исследование А. Касымбековой, изучавшей концептуальный образ в сказках. При изучении зоонимов за основу были взяты мнения исследователей о зоонимах. Основные методы исследования статьи реализованы в рамках методов сравнения сюжетной линии казахских и английских сказок, лингвокультурного анализа приведенных зоонимов. В основном заключении статьи параллельно рассматривалась анималистическая лексика в казахских и английских сказках, передача зоонимов «мышь», «заяц», «волк», «медведь» в языковых единицах и сравнивалась с их характеристиками в сказках. Также было обнаружено, что сказки отражают национальную идентичность, выражаются через описания. В казахском познании были проанализированы зоонимы «медведь», значение которых было изменено по значению, «волк», «заяц», «мышь», употреблявшиеся параллельно с положительно-отрицательным характером.

Ценность статьи проявляется в определении лингвокультурных, когнитивно-составительных характеристик анималистической лексики в сказках на казахском и английском языках, мировоззрении, восприятии мира населения на основе зоонимов. Практической основой статьи является вклад в исследования в областях «Лингвокультурологии» и «Когнитивной лингвистики». Выводы, полученные в результате исследования, могут послужить толчком к проведению лингвокультурного анализа анималистической лексики.

Ключевые слова: анималистическая лексика, зоонимы, лингвокультурология, когнитивная лингвистика, аполлог, сказки, мотивация, языковые единицы

LINGUOCULTURAL AND COGNITIVE-COMPARATIVE CHARACTERISTICS OF ANIMALISTIC VOCABULARY

*Zhetessova Zh.A.¹

*¹doctoral student, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
Aktobe, Kazakhstan,
e-mail: zhanar_almasovna@mail.ru

Abstract. This article analyzes the animalistic vocabulary in Kazakh and English fairy tales. The purpose of the article is to identify linguocultural, cognitive-comparative characteristics of animalistic vocabulary, zoonyms in Kazakh and English fairy tales. The study of the vocabulary of the group "animal names", one of the richest and most diverse thematic groups in the world, reflecting traditions and customs, ethnic and cultural characteristics, and being part of the national linguistic image, has long been successfully carried out on the materials of various languages of the world. The scientific significance of the article is manifested in the consideration of the zoonyms "mouse", "hare", "wolf", "bear" on a practical basis, comparing and considering theoretical conclusions, relying on the works, opinions of researchers regarding animalistic vocabulary in the field of linguoculturology, cognitive linguistics. In the analysis of the problem, in the article under study, animal vocabulary, the works of zoonyms researchers, research articles were taken as a basis. In particular, the dissertation research of A. Kasymbekova, who studied the conceptual image in fairy tales, was examined. The classification system of S. Kaskabasov's fairy tales is considered. In the study of zoonyms, the opinions of researchers about zoonyms were taken

as a basis. The main research methods of the article are implemented within the framework of methods of comparing the storyline of Kazakh and English fairy tales, linguistic and cultural analysis of the given zoonyms. In the main conclusion of the article, the animalistic vocabulary in Kazakh and English fairy tales was considered in parallel, the transfer of the zoonyms "mouse", "hare", "wolf", "bear" in linguistic units and compared with their characteristics in fairy tales. It was also found that fairy tales reflect national identity, expressed through descriptions. In Kazakh cognition, the zoonyms "bear" were analyzed, the meaning of which was changed in meaning, "wolf", "hare", "mouse", used in parallel with the positive-negative character.

The value of the article is manifested in the definition of linguocultural, cognitive-comparative characteristics of animalistic vocabulary in fairy tales in Kazakh and English, worldview, perception of the world of the population based on zoonyms. The practical basis of the article is the contribution to research in the fields of "Linguoculturology" and "Cognitive linguistics". The conclusions obtained as a result of the study can serve as an impetus to the study of linguistic and cultural analysis, animalistic vocabulary.

Keywords: animalistic vocabulary, zoonyms, linguoculturology, cognitive linguistics, apolog, fairy tales, motivation, language units

Статья поступила 03.02.2023